Мектеп директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары________________ А. Шаймова

**Апталық циклограмма**
**Мектепалды даярлық тобы**
**Сәуір айы**
**Өтпелі тақырып: «Денсаулықты қалай күту керек?»**
**1 -апта, 04- 08. 2022ж**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақ кестесі** | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сауат ашу<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Орыс тілі<br>Сурет салу | Сауат ашу негіздері<br>Өзін-өзі тану<br>Жаратылыстану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сиқырлы сандар(в/к)<br>Сауат ашу в/к (с.әріп)<br>Мүсіндеу | Қоршаған орта /Құрастыру<br>Дене шынықтыру/<br>Қауіпсіздік мінез-құлық<br>Жапсыру<br>Қызықты математика (в/к) |
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | **08.30-08.40** | **«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, балалар!»**<br>Ата-аналармен, балалармен сәлемдесу, баланың жағдайына назар салу, ата-анадан баланың жағдайын сұрау, баланың дене қызуын өлшеу. | | | | |
| **Жаттығулар кешені. Гигиеналық шаралар** | **08.40-08.45** | Жаттығулар кешені. Жан-жақты дамытушы жаттығуларды жалаушалармен орындау<br>**Жалпылама бақылау** | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық** | **08.45-09.00** | Жүрейікші жараса<br>Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап | Сәлем саған жер-ана!<br>Сәлем саған нұрлы күн!<br>Аман-есен болайық<br>Бейбітшілік қалайық | Адал жақсы ниетпен<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректі<br>Сөздің бәрі ақ тілек. | Ақылы бар баласың<br>Айтқан тілді аласың<br>Намысты болып өсесеңсен<br>Нағыз адам боласың! | Біз ұқыпты баламыз<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықтарды жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 1** | **09.00-09.30** | **Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы: Бәріміз бір тату отбасымыз**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру.<br>**Күтілетін Нәтиже:** Қашықтыққа, көлденең | **Дене шынықтыру.**<br>**Тақырыбы: Мен көшбасшымын**<br>**ҰОҚ-ның мақсаты:** Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен | **Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Кәмпиттің сөзі. Ф дыбысы мен әрпі**<br>**Мақсаты:** Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. | **Көркем әдебиет.**<br>**Тақырыбы: Тиімді тамақтану**<br>**Мақсаты:** Шағын мәтіндер, балалар тақпақтары және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы: Қазақ халқының кәдесері**<br>**Мақсаты:** Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және тік нысанаға лақтырады.<br>Қане балалар бәріміз бірге жаттығу жасайық.<br>Кең және қысқа адымдап жүгіру. Балалармен бірі-гіп омыртқасы қисайған баланың суретін қарастырады. Оның себебін сұрайды, сколиоздың зардабына балалардың назарын аударады. Сколиозды профилактикалау шараларын ұсынады. Жаттығу жасаған бала ешқашан ауырмаймыз.<br>Жүру, түзету жаттығулары.<br>Нұсқау – қолды сермей, кеңіз қарыштап адымдау, қысқа және жиі адымдай жүгіру. Екіден тізбекке тұру. Іші толтырылған доптармен жалпы дамыту жаттығулары.<br>Нұсқау – зейінін шоғырландыру, бүкіл жаттығулар кезінде бойы денені тік ұстау.Қатарынан тізбекте тұрып кеуде тұсынан екі қолмен доппы алысқа лақтырады (тізбекпен біртіндеп орындайды).<br>Бүгілген қолды бар күшпен жазуға назар аударады.<br>Балаларға заттарды алысқа лақтырған кездегі | басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру<br>**.Күтілетін Нәтиже:** қолына доп ұстап жанымен жүру– қолға доп ұстап бір жанымен адымдай жүру, содан кейін артымен бұрылып доп алып кері жүру, содан кейін қайта бері бұрылу. Барлық дене мүшелеріне күш түсіруге назар аудару – шынықкан бұлшық еттер фигураның барынша айқын кескінін көрсетеді.<br>5 метр қашықтыққа екі тізе арасына доп қысып секіру.<br>Нұсқау – екі тізені біріктіріп, қолды барынша сермей отырып қос аяқпен қарғу.<br>Аралығы 1 метр қашықтықта бір қатарға орналастырылған кедергі заттар арасымен оң және сол қолмен доп домалату.<br>Нұсқау – саусақтарға қатты күш салмай допты итеру.<br>«Жылдам доп» қимыл ойыны<br>Оң және сол қолмен кезекпен допты жерге соғу. Нұсқау – | **Ресурстар.** Әліппе-дәптер, ф әрпі бар плакат<br>**Күтілетін нәтиже:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айтады.<br>Ү) Педагог балаларға екі қолын беліне ұстап тұрған спортшының суретін көрсетеді.<br>Балалар спортшы неге екі қолын беліне қойып тұр?<br>Балалар сұраққа жауап береді.<br>Педагог балалар жауабын толықтырады. Барлық балалар спортшы сияқты тұрып, керілу созылу жаттығуын жасайды.<br>**(Ү,Ө) Әліппе-дәптермен жұмыс**<br>Дүкенде қандай пішінді кәмпиттер сатылады екен?<br>Кәмпиттер қайда өндіріледі?<br>Мәтінен Ф дыбысы бар қандай сөз естідіңдер?<br>Футбол, фабрика, вафли сөздерін буынға | **Күтілетін Нәтиже** Шағын өлеңдерді мәнерлеп жатқа айту<br>**Ресурс.** Әліппедәптер, түрлі түсті қарындаштар<br>(Ү) – Тиімді тамақтану дегенді қалай түсінесің?Педагог шағын фольклор жанрындағы Оразақын Асқардың «Тамақтанамын» өлеңімен танысуды ұсынады. Өлеңді оқиды.Талқылау:-Өлең қалай аталады?<br>– Не туралы айтылған?– Өлеңдегі қандай сөздер есіңде сақталды?– Өлеңнің бірінші жолы қандай сөздермен басталады?-<br>Тамақтану кезінде неге көңіл бөлеміз?–<br>Неліктен дұрыс тамақтану керек?Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды<br>**Рефлексия**<br>Тәрбиеленушілер ҰОҚдегі өзінің жұмысына баға береді.Ештеңе түсінбедім – қызыл | сақтауға баулу<br>**Күтілетін Нәтиже:** Киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атап, олардың қолданыстағы икемділігін түсінеді. Киіз үйдің негізгі бөлшектері, үй жабдықтары.<br>Пікір алмасу сұрақтары.<br>Киіз үй қандай екен?<br>Қандай пішінде?<br>Неден жасалған?<br>Киіз үйдің қандай негізгі бөліктері бар?<br>Немен жабылған?<br>Киіз үй заттарын ата?Киіз үй сонау ежелгі заманнан бері көшпелі халықтардың баспанасы болып келген.та-бабаларымыз киіз үй көшіп-қону үшін ыңғайлы болғандықтан оны пайдаланған. Қазір де малшылар киіз үйді пайдаланады.<br>Енді киіз үй және оның бөлшектерімен танысайық.<br>Киіз үй – тарихымыздағы ең алғашқы сәулеттік құрылыс.<br>Көшіп-қонуға ыңғайлы, жер сілкінісіне төтеп беретін ең қолайлы баспана. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br><br>**2** | **09.40-10.10** | **Сөйлеуді дамыту.**<br>**Тақырыбы: Дастархан басында**<br>**Мақсаты:** Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана білу. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сөздердің мағынасы мен мәнін түсінеді,<br>**х, һ** дыбыстарына сөздер ойлап табады. Тыңдалған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізеді<br>**Ресурс.** Әліппе-дәптер, түрлі түсті Қарындаштар<br>**Ұжымдық жұмыс.**<br>«Дастархан басында» суреті бойынша жоспармен әңгіме құра:<br>– Отбасы мүшелері неге дастархан басына жиналды?<br>– Отбасында кімдер бар?<br>– Отбасы мүшелеріне ана не ұсынды?<br>– Үстелде қандай тамақтар бар? Ата.<br>– Отбасы мүшелері үстелде қалай орналасқан?<br>– Төрде кімдер отыр?<br>– Отбасы мүшелерінің көңіл күйі қандай? Сипатта. | **Қарапайым математика.**<br>**Тақырыбы: Туған өлкем. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын**<br>**Мақсаты:** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешеді. Бүгін біз қосуға және азайтуға арналған жазбалар құрастыру жұмысынжалғастыратын боламыз. Біз анамызда бар нәрсенің барлығын санаймыз.Балалар жағдайды түсіндіріп, сурет бойынша әңгімелер құрастырады. Содан кейін қандай мысалдар құрастыруға болатынын анықтайды. Азайту әрекетін таңдау негізделеді–азайтыңдар, алып тастаңдар. 8 санының құрамына арналған«үйді» толтыру бойынша3-тапсырма қайтадан жұппен ұйымдастырылады. «Анама көмектесемін» деген ҰОҚ тақырыбы бойынша асүйдегі аспаптар8 | **Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы: Бәрін жақсы көремін**<br>**Мақсаты: «жақсы көру» ұғымы туралы түсініктерін қалыптастыру**<br>**Көрнекілік:** дәптер, түрлі түсті қаламдар Әңгіме «Алғыс» М.Төрежанов<br>М.: Қасым мен Хасен шешесіне не деді? Помидорды отырғызған кімдердің еңбегі екен? Шешесі күлімдеп балаларына не айтты? Балалардың анасына деген қандай сүйіспеншілігін байқадыңдар? Әр адамның бойында адамгершілік қасиет бар ма? Сендер бір біріне мейірімділікті қалай көрсетесіңдер?<br><br>Рефлексия. Жүректен жүрекке | **Сиқырлы сандар ұӨк**<br>**Тақырыбы:** Сұйық және сусымалы заттар<br>**Мақсаты:** Сұйық заттың температураға байланысты бір күйден екінші күйге ауысуы, көлемінің өзгеруі, бір ыдыстан екінші ыдысқа құйғанда бетінің тегіс болатыны, өлшем бірлігі туралы түсіндіру.<br>**Көрнекілігі:** 10 көлеміндегі цифрлар, интерактивті тақта, математика дәптері, су құйылған ыдыс, ойын материалдары, карточкалар, жұлдызша, жалауша | **Дене шынықтыру 0,5**<br>**Тақырыбы: Чемпиондар лигасы**<br>**Мақсаты:** Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау<br>**«Кім допты алысқа лақтырады?» ойыны**<br>**Ресурс. Кең, бос кеңістік**<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды** Секіру және лақтыру кезінде үздік нәтиже көрсеткен балаларды атап көрсету |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | • | қауіпсіздік тех-никасы туралы ескертеді: қауіпсіз аралықта тұру, белгі берілген соң доптың артынан жүгіру, залды оң жақтан немесе сол жақтан айналып өту, алдыңғы тізбектің артына тез тұру. | доптың үстінен саусақтарды жаза отырып алақанмен жеңіл соғу.<br><br>«Үшінші артық» қимыл ойыны<br>Қорытынды. «Өзін бағалау маршы» | боледі.<br>Ф дыбысын дұрыс дауыстатын айтқызады.Сұрақтарға жауап беріп, ф дыбысының орнын табады.<br>Пілдің суретін көріп, «Піл» деп қайталайды.<br>Қандай дыбыс естіледі?<br>Піл ме әлде філ ме?<br>Телефон суретін атайды.<br>Телефон ба әлде телебон ба?<br>Ф дыбысын П және Б дыбыстарынан ажыратып, дұрыс айтуға жаттығады.<br><br>**Рефлексия.**<br>Балалар өз білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. | түспен,Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары түспен,Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл түспен. | Қазір киіз үйді қаланың қай жерінен көруге болады?<br>(Жайлауда тігеді, кафе ретінде қалалардан көруге болады).<br>Кереге, шаңырақ, уық, сықырлауық – киіз үйдің негізгі бөлшектері.<br>Кереге– киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы торкөзді сүйегі.шаңырақ –киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.уық– кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Киіз есік сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады.Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалған.Көшіп-қонуға ыңғайлы болсын деп, киіз үй жабдықтары теріден, ағаштан жасалынады<br>**Ресурс.**<br>**Рефлексия.**<br>**қорытынды** |
| Үзіліс | 09.30-09.40 | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | – Үстел басында адамдар не туралы әңгімелеседі?<br>**Жеке жұмыс.** Өлііпе-дәптерменжұмыс.<br>Пайдалы тағамдарды көк түспен, зиянды тағамдарды қызыл түспен бояу.<br>**Рефлексия. қорытынды**<br>Педагог қорытынды жасайды, баларды марапаттайды.<br>(О) Рефлексиялық бағалау: өз жұмысын бағалап қорыту.<br>Балалардан тостағанды түсті қарындашпен бояуын сұраныз:<br>Ештеңе түсінбедім – қызыл қарындашпен;<br>Түсіндім, бірақ түсіндіре алмаймын – сары қарындашпен;<br>Бәрін түсіндім, басқаға түсіндіріп бере аламын – жасыл қарындашпен. | санын екі бөлікке бөлу үшін пайдаланылады.Балалар мысалдардың жазбасын құрастыруға арналған тапсырмадан суреттерді таңдай алады. Алғаш рет<br>мысалдар төрттігі ұсынылады. Егер балалар әлі қосу мен азайтудың байланысын түсіне алмаса, онда мысалдар<br>3-тапсырманың әртүрлі суреттері бойынша еркін түрде құрастырылады.<br>Ресурстар. Өлііпе-дәптер, санайтын материал, мысалдары бар карточкалар<br><br>**Рефлексия. қорытынды** педагог сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады. | | | |
| Үлкен үзіліс | 10.10-10.30 | Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?»<br>Мақсаты: Көп заттардың ішінен біреуін таңдап алуға үйрету.Үй құстары жайлы білімдерін толықтыру және оларды ажырата білуге үйрету.<br>Құрал – жабдықтары: | Ыдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес»<br>Мақсаты: Алты түсті меңгертуді үйретуге жаттықтыру.<br>Құралдар: 6 түсті ( «қызыл», «сары», «жасыл», « көк», «қоңыр», «сарғыш» | «Дыбыстар қайда орналасқан»<br>Мақсаты: Дауысты дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>Ойын шарты: Үш сандықша жасалынады.Бірінші сандықшада дауысты дыбыс басында, екінші | «Қарама-қарсы сөздер»<br>Мақсаты:Балалар ойында ойнай отырып, қарама-қарсы сөздерді дұрыс тауып айтуды үйрету.<br>Тілдерін және ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойын | «Сөз ойла, тез ойла»<br>Мақсаты:Дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші әріп қалтасынан кез келген бір әріпті көрсетеді. Балалар сол әріптен басталатын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сиыр ,тауық, қой, үйрек,ешкі, қаздың суреттері<br>Ойынның барысы: Үстел үстінде үш- үштен суреттер жатады. Балалар сол суреттердегі үй құстарының арасындағы үй жануары артық екендігін тауып айтады. | шыны аяқ силуеттері.<br>Ойын шарты: Педагог тақтаға жолақ қалталары бар суретті іліп, шыны тарелкелерді қойып шығады. Бала осы ған сәйкес түсті сиптаякты іздеп, шыны аяқ үстіне қояды. | дауысты дыбыс ортасында, үшінші дауысты дыбыс аяғында көрсетілген. Балаларға жазылған сөздер үлестіріліп береді. Дауысты дыбыстар сөздің қай жерінде кездеседі сол сөзді сандықшаларға салады | шарты:Тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама- қарсы сөзді айтуы керек | сөздерді айтады.<br>Сандыққа бірнеше текше салып қояды. Бала өз қолымен біреуін алып сол дыбыстан басталатын заттарды атайды. |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 3** | **10.30-11.00** | **Сауат ашу негіздері.**<br>**Тақырыбы: Тағамдар қайдан келеді? Я дыбысы мен әрпі**<br><br>**Мақсаты:** Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту.<br><br>**Ресурстар**. Көкөністер мен жемістердің суреті. Әліппе- дәптер.<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін(дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстайды.<br>Балалар суретке қарап отырып берілген тағамдарды атайды.<br>Жерден өніп шығатын тағамдарды жасыл | **Руский язык**<br>**Тема: Овощи и фрукты – полезные продукты. Молочные реки, кисельные берега.**<br>**Цель:** демонстрировать понимание увиденного через комментирование (два-три слова, простые предложение) действие.<br>**Предполагаемый результат:**<br>демонстрировать понимание увиденного через комментирование (два-три слова, простое предложение) действия.<br>Послушай и повтори.<br>Рассмотри картинки, назови фрукты, которые ты знаешь.<br>Динамическая пауза «Компот».<br>Будем мы варить компот(маршировать на месте.)<br>Фруктов нужно много. | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы: Электр тогы не үшін не керек?**<br>**Мақсаты:** Электр тогының табиғи көздерін атау<br>**Күтілетін нәтиже.**<br>Тұрмыста қолданылатын электр құралдарын атайды.<br>Электр тогы туралы түсінік бере алады<br>**Ресурс.** Электр құралдарының суреттері.<br>Түрлі түсті қарындаштар.<br>**(Ү)** Педагог балаларға пазл құрастыртып, құрастырған пазлдағы суреттерді атайды.<br>(Тоңазытқыш, үтік, теледидар, ұялы телефон т.б.)<br>– Бұл күнделікті өмірде тұтынатын заттарды не деп | **Сауат ашу негіздері в/к Тақырыбы:** Ү дыбысы және әрпі<br><br>**Мақсаты:**<br>Оқушыларға Ү дыбысы мен әрпін таныту, сөздегі орны туралы түсінік беру.<br>Ол арқылы берілген сөздерді дұрыс оқу мен жазуға үйрету. | **Апликация.**<br>**Тақырыбы: Анамды құттықтаймын**<br>**Мақсаты:** Жұмыс барысында жұмыс орнын,құралдарын ретке келтіру<br>күтілетін нәтиже.<br>өсімдік элементтері негізінде жапсырма дайындай алады;<br>-екіге қатарлап бүгілген қағаздан әртүрлі симметриялы пішіндер қия алады;<br>-қайшыны дұрыс ұстап, оны еркін пайдалана алады;<br>-жұмыс барысында жұмыс орнын ретке келтіре алады.<br><br>**Рес Ү) Әліппе-альбомдағы иллюстрациялық материалмен жұмыс.**<br>Балалар суреттегі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | түспен, малдан өндірілетін тағамдарды қызыл түспенбояйды.<br>Суретте: май, сәбіз, сүт, қияр, құрт, алма, нан.<br>Берілген тағамдар атауларының сызбасы берілген. Сызбадағы бос торкөздерге дауысты дыбыстарды тауып жазады. Қияр сөзін буынға бөледі.<br>Сия мен ұның суретін атайды. Суреттердегі берілген тағам түрленінің атауларын атайды. Торкөздің екіншіжағына пісірмей жейтін тағамдарды белгілейді. Тапсырма орындамас бұрын балаларға тағамдардың пайдасы және кейбір пісірілмей тұтынатын тағамдар туралы түсіндіреді. Ертеде римдіктер мен гректер пиаздыжауынгерлерге күш және батылдық беретін әрі жарақатты жазатын шипалы, қасиеті күшті өсімдік деп есептеген. Олар пиаздың бір түріне«Жеңімпаз» деп ат берген. Себебі С дәрумені дененің күндік қажетін қанағаттандыруға көмектеседі, екіншіден, ауру жұқтырмайтын | вот.(развести широко руки, показы-вая «много».)<br>Будем яблоки крошить.(имитировать, как крошат, рубят, отжимают, кладут, насыпают сахар.)<br>Грушу будем мы рубить.<br>отожмем лимонный сок, слив положим, сахарок.(имитировать, как мешают лож-кой.)<br>варим, варим мы компот,<br>вкусный и полезный.(«пьют» компот.)<br>А теперь его попьем.<br>(К, и) задание №2.<br>Рассмотри картинку «Овощи». Послушай и запомни.<br>Чистоговорки.<br>та-та-та – яблоко моя мечта.<br>Ато-ато-ато – витаминами богато.<br>ти-ти-ти – где же яблоко найти?<br>Ать-ать-ать – надо яблоко искать.<br>задание №3. Расскажи о своих любимых фруктах и овощах.<br>ребенок берет муляж любимого фрукта или овоща. рассказы-вает, какое оно.Например:<br>Яблоко – это фрукт. оно | атаймыз?<br>**Педагогтің түсіндірмесі.**<br>Электр тогын ерте замандарда ғалымдар зерттей бастады. Олар электр тогын құбылыс деп есептеді. Екі сымды бір-бірімен біріктіріп, кейін араларын бірнеше миллиметрге ажыратса, өткізгіштердің шеттерінде жарық сәуле пайда болады. Ал екі сымның орнына ұштары ұшталған көмір өзекше қолданылса, жарықтану одан әрі жарық, әдемі болып шығады. Өткізгіштегі ток жоғары болса, сәулелену соғұрлым жарық бо-лады. Электр тогының пайдасы мен қолданылу аясы өте үлкен.<br>**(V) Дидактикалық ойын.**<br>Педагог тақтаға үй тұрмысына қажетті құралдың суретін іледі, балалар құралдардың атын атап, не үшін қолданатынын | | бейнеге қарап, диалогқа араласады, оны талқылайды. Тағы басқа қандай мейрамдар бар?<br>Педагог балаларды «ашықхат» ұғымымен таныстырады.<br>Ашықхат – тік төртбұрыш пішініндегі тығыз қағаздың бөлігі, оған құттықтау сөздерін жазуға болады.<br>Тәрбиеленушілерге аналары мен әжелеріне ашықхат жасау ұсынылады.<br>**(V) Саусақтарға арналған «Кішкентай ара» жаттығуы.**<br>Шыршада кішкентай үй бар,<br>*(Бір қолды үстелге қойып, саусақтарды жазып қоямыз.*<br>*Бұл – шырша.)*<br>Бұл – араның ұясы, кішкентай аралар қайда?<br>*(Екінші қолдың саусақтарымен сақина жасау). Араның ұясы шыршаға жабысып тұр.*<br>*(Балалар араның ұясына қарайды.)*<br>Үйдің есігін қағып көрейік,<br>*(Жұдырықты жұмып, жұдырықпен қолды бір-біріне ұрады.)* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | заттарға бай.<br><br>Рефлексия. Балалар өз білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. | зеленое, круглое.<br>Пальчиковая игра «салат из моркови».<br>Мы морковку чистим, чистим.<br>Мы морковку трем, трем. (трут ладони)<br>сахарком ее посыпем(«посыпают сахаром», собирая пальцы правой руки вместе)<br>исметаною польем.(«поливают сметаной», складывая пальцы в кулак)<br>вот такой у нас салат.(вытягивают руки вперед.)витаминами богат. вкусный и полезный.(гладят живот)адание №4.<br>Продолжи ряд. | айтады.<br>Үтікпен киім үтіктейді.<br>Шаңсорғышпен шаңтозаңды тазалайды.<br>Тоңазытқыш азықтүлікті салқын етіп сақтайды.<br>Қысқа толқынды пеште тамақ ысытады.<br>Шәйнекте су қайнатады т.с.с.<br>*Қорытынды:* Электр құралдарының көмегімен адамдардың өмірі жеңілденеді, уақыт үнемдейді.<br>**Рефлексия.**<br>**Қорытынды** смайликтермен бағалау | | Бір, екі, үш, төрт, бес.<br>Мен шыршаны қағамын,<br>Кішкентей аралар қайда?<br>Кенеттен олар ұшып шығады:<br>*(Қолды ашыратып, саусақтарды ашамыз және оларды қимылдатамыз, кішкентай аралар ұшып жатыр).*<br>Бір, екі, үш, төрт, бес!<br>**Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі.**<br><br>Рефлексия. **қорытынды** Балалар өз білім деңгейлерін смайликтер арқылы бағалайды. |
| **Үзіліс** | **11.00-11.10** | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар | Еркін ойындар |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі**<br><br>**4** | **11.10-11.40** | **Музыка.**<br>**Тақырыбы: Наурыз-жыл басы**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау<br><br>**Ресурс.** Наурыз мерекесі тойланып жатқан суреттер, қайнаған қазан, ұлттық ойындар ойнаған | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: Наурыз-көңілді мереке (ұжымдық)**<br>**Қымыз құюға арналған кесе (сәндік)**<br><br>**Мақсаты:** Заттарды жерге, суға, аспанға қатыстылығы бойынша орналастырып, заттардың және зат бөлшектерінің пішінін пропорцияларын,түсін | **Музыка.**<br>**Тақырыбы: Наурыз-жыл басы**<br><br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипаттау<br><br>**Ресурс.** Наурыз мерекесі тойланып жатқан суреттер, | **Мүсіндеу.**<br>**Тақырыбы: Анама қызғалдақ сыйлаймын.**<br>**Зымырандар самғайды (ғарыш айлағы)**<br>**Мақсаты:** Жұмыс барысында жұмыс орнын,құралдарын ретке келтіру<br>Күтілетін нәтиже. ермексазбен гүлдің элементтерін | **Қарапайым математика в/к.**<br>**Тақырыбы: Жемістер мен көкөністер.**<br>**Мысалдар шығарамын**<br>**Мақсаты:** Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептер шығаруды үйрену<br>Күтілетін нәтиже-көрнекіліктің негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді оқиды және заттар тобын қайта |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | балалар, көкпар тартқан үлкендер<br><br>(Т, Ж) Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей). Домбыра – қазақтың халық аспабы. Халқымызда домбыраны киелі аспап деп атайды. Өйткені адам тілімен жеткізе алмаған оқиғаларды күй арқылы жеткізуге болады. Күй созылмалы, баппен орындалады.<br>Т.Ж. Ән айту: «Наурыз тойы» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева).Наурыз мерекесі қандай мереке екенін балаларға түсіндіру. Мерекеде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған наурызкөже туралы түсініктер беру. Әннің көңіл күйін ажыратып, ырғақты ұстап орындауды қадағалау<br>**Рефлексия. қорытынды**<br>Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | есепке ала отырып,кеңістіктік арақатысын бейнелеу<br>**Ресурс.** Әліппе-альбом. Түрлі түсті карындаштар,<br>**Рефлексия. қорытынды(У, Ө)**<br>«Наурызды қарсы аламыз» көрмесі ұйымдастырылады. Педагог жұмыстарды талқылауды ұйымдастырады.<br>Кімге өз жұмысы ұнады? | кайнаған қазан, ұлттық ойындар ойнаған балалар, көкпар тартқан үлкендер<br>(Т, Ж) Музыка тыңдау: «Қосалқа» (Дәулеткерей). Домбыра – қазақтың халық аспабы. Халқымызда домбыраны киелі аспап деп атайды. Өйткені адам тілімен жеткізе алмаған оқиғаларды күй арқылы жеткізуге болады. Күй созылмалы, баппен орындалады.<br>Т.Ж. Ән айту: «Наурыз тойы» (муз. О. Пелевина, сөзі Г. Құрымбаева).Наурыз мерекесі қандай мереке екенін балаларға түсіндіру. Мерекеде қандай тағамдар болатынын, әдейі мерекеге арналған наурызкөже туралы түсініктер беру. Әннің көңіл күйін ажыратып, ырғақты ұстап орындауды қадағалау<br>**Рефлексия. қорытынды** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен | жасайды;<br>құралдармен және материалдармен жұмыс істеу ережелерін түсіндіреді және іс жүзінде колданады.<br>**(У, Т, Ө)** Бұйымды жасауға қажетті түстермен таныс.<br>Ермексаздың түстерін балалар өз қалауынша таңдайды.<br>**Ө, Т) Ойын-жаттығу: «Не жақсы, не жаман?»**<br>Балалар ермексазбен жұмыс істеу ережелерін естеріне **Түсіреді**<br>**У) Саусақтарға арналған жаттығу: «Гүл».**<br>**(Ө) Ойын-жаттығу: «Ермексазбен достас».**<br>Ермексазды жұмыс істеуге дайындау.<br>**(У) Балалар жұмыстарының көрмесі. «Анама гүл сыйлаймын»**.<br>Педагог балаларды жұмыстарды талқылауға шақырады.<br>Жұмысына көңілі толғандар қалпақты жасыл түспен боййды.<br>Қиналғандар қызыл | санау арқылы шешеді.<br><br>**Ресурс.** Көгөністер, жемістер, зиянды және пайдалы өнімдер бейнеленген суреттер. Сандар мен мысалдар бар<br><br>карточкалар,<br>**Өзідік жұмыс.**<br>(Ж)1-тапсырма педагогке көрнекіліктің негізінде мысалдарды шеше білу іскерлігінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.<br>(Ж) 2-тапсырма сандардың құрамына арналған.<br>мысалдарды құрастыру жұмысы басталады. Бұл балаларға мысалдарды шешкен кезде нәтижені санауды пайдалануға ғана емес, негұрлым мықты балаларға сандардың құрамын жаттай отырып, жылдам қарқынмен есептеуге көмектеседі,<br>ал бұл ол сандардың құрамын есіне сақтаған жағдайда ғана мүмкін болады.<br>**Рефлексия. қорытынды**<br>**қорытынды** педагог |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | - | | - | қорытындылау, бағалау | түсінік бойынша. **Ресурс. Рефлексия. қорытынды** Бүгінгі сабақ туралы балалардың пікірлерін тыңдау. Сабақты балалардың көмегімен қорытындылау, бағалау. | сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады. |
| **Серуенге дайындық** | **11.40-11.50** | Балалардың реттілікпен киінуін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | **11.50-12.20** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау**<br><br>**Мақсаты:**<br>— Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>— айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>— табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. | **Аққа бұлттарды бақылау**<br>Аққа бұлттарға қарап, сан алуан бейнелерге ұқсатуға болатынын кім, неге ұқсайтынын сұрау.<br>Балалардың фантазиясын, ой- өрісін дамыту | **Жауын-шашынға бақылау**<br>Табиғаттың құбылыстарына, бұлттарға, жауын-шашынға.<br>Жауын-шашын өте пайдалы. Егер жауын болмаса ауа ластанып кетеді. Жауыннан соң өсімдік түрленіп, өседі. Жауын-шашынның түрлері: - Бұршақты; - Нөсер жауын; - Сіркіреп жауатын жауын; Бұршақты жауын қатты жауса егінді төсіп жібереді. | **Тірі табиғатқа бақылау**<br>- Табиғат екі түрге бөлінеді: тірі табиғат және өлі табиғат. Тірі табиғат – адам, өсімдік, жануарлар, жәндіктер. Ол – тіршілік көзі. Өседі, дамиды, қимылдайды.<br>Өлі табиғат – тау, тас, құм, ауа, су. Бір орында тұрады, өніп, өспейді. | **Бұлттарға бақылау**<br>Аспанда жауын жауар алдында жиналады. Бұлт үлпа мақта секілді ақ болады. Бұлт дегеніміз – ол су бетінен жиналған бу.<br><br>**Мақсаты:**<br>Балаларға ауа-райы құбылыстарымен таныстыру, өз бетінше ауа-райын бақылай алуға үйрету. Сол жайында өз сөзімен әңгімелеп айтып беруге баулу. |
| **Серуеннен оралу** | 12:20-12.30 | Серуеннен оралу. | Серуеннен оралу . | Серуеннен оралу. | Серуеннен оралу | Серуеннен оралу |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **12.30-13.00** | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | «Отбасында жағымды көңіл-күй бала үшін маңызды» ата-анаға кеңес | Ата-аналарға кеңес. «Тұмаудан сақтанайық!» | Баланың бүгінгі жетістіктері туралы әңгімелесу.<br>Әдептілік сөздерді үйрету ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

Мектеп директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары ____________ А. Шаймова

**Апталық циклограмма**
**Мектепалды даярлық тобы**
**Сәуір айы**
**Өтпелі тақырып: «Денсаулықты қалай күту керек?»**
**11 -апта, 11.04- 15.04. 2022ж**

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Сабақ кестесі | | Дене шынықтыру<br>Сөйлеуді дамыту<br>Сауат ашу<br>Музыка | Дене шынықтыру<br>Математика негіздері<br>Орыс тілі<br>Сурет салу | Сауат ашу негіздері<br>Өзін-өзі тану<br>Жаратылыстану<br>Музыка | Көркем әдебиет<br>Сиқырлы сандар(в/к)<br>Сауат ашу в/к (с.әріп)<br>Мүсіндеу | Қоршаған орта /Құрастыру<br>Дене шынықтыру/<br>Қауіпсіздік мінез-құлық<br>Жапсыру<br>Қызықты математика (в/к) |
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | 08:30-08:45 | **«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, балалар!»**<br>Ата-аналармен, балалармен сәлемдесу, баланың жағдайына назар салу, ата-анадан баланың жағдайын сұрау, баланың дене қызуын өлшеу. | | | | |
| **Жаттығулар кешені** | 08:45-08:55 | Жаттығулар кешені. Жан-жақты дамытушы жаттығуларды жалаушалармен орындау<br>**Жалпылама бақылау** | | | | |
| **Гигиеналық шаралар** | 08:55-09:00 | Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметі 1** | 09:00-09:30 | **Дене шынықтыру. Тақырыбы: Баскетбол ойнаймыз**<br><br>**Мақсаты:** Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру.<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секірулер. | **Дене шынықтыру. Тақырыбы: Баскетболшыларды жүппен жаттықтыру**<br>**Мақсаты:** Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, мәнерлі сап түзу, жүру түрлерін орындау.<br>Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгер-мелі жағдайларда | **Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Тәтті балдың әлегі. Ю дыбысы мен әрпі**<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсінеді. тапсырма. «Аюдың аңқаулығы» әңгімесін оқып береді. Балалар әңгіме желісін мазмұндайды.<br>Аралардың төнін | **Көркем әдебиет. Тақырыбы: Қайырымды қоян**<br><br>**Күтілетін нәтижелер:** Педагог «Қайырымды қоян» ертегісімен таныстырады.<br>Ертегіні мәнерлеп айтып береді.<br>Талқылау:<br>– Ертегі не туралы жазылған?<br>– Ертегі кейіпкерлерінің қайсысы ұнады? | **Құрастыру. Тақырыбы: Алтын балық**<br>**Күтілетін нәтиже:** Материалдармен және құралдар мен жұмыс жасауында техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау<br>Өлшеп-дәптермен жұмыс.<br>Үлгіні көрсетіп, талдау жасалады. Балықтың сопақша денесі жұмыртқадан, құйрығы мен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| • | | **Күтілетін нәтиже -**<br>Біреуден жылдам қатарға тізіліп тұру, бірінші-екіншіге бөлініп санау.<br>Бірден, екіден зал ортасымен саппен жүру.<br>Бірқалыпты демала отырып, баяу жүгіру.<br>Жүгіргеннен кейін тыныс алуды қалпына келтіру.<br>Ойын ережесі мен рөл әрекеттерін сақтай отырып ойын ойнау.<br>**Допты түрліше қақпақылдап, қимылдар жасау**<br>**«Мойын айналасында».**<br>Допты бір қолдан екінші қолға<br>өткізе отырып, мойын айналасымен екі бағытқа кезек доп<br>айналдыру.<br>**«Дене айналасында».**<br>Допты бір қолдан екінші қолға<br>өткізе отырып, дененің айналасымен екі бағытқа кезек доп<br>айналдыру.<br>**«Аяқ айналасында».** Бір аяқты алға қою. Допты бір<br>қолдан екінші қолға өткізе отырып, алға қойылған аяқтың айналасымен екі бағытқа кезек доп айналдыру.<br>**Допты себетке лақтыру.**<br>Нұсқау: екі қолдап жоғарыдан лақтыру, кеп | секірулер.<br><br>**Күтілетін нәтиже**<br>Ортақ кеңістікті бөлу және қозғалыс тәуекелдігін азайту.<br>Кеңістік пен уақытты бағдарлай алу.<br>3 метр қашықтықтан тура бағытта доп домалату.<br>Жеке және бірлесіп қимыл-қозғалыстар орындау.<br>Берілген қимылды келтіре отырып алаңда жұппен қозғалу.<br>**Негізгі бөлім. Тура бағытта доп домалату.**<br>Балалардың бірі өзінен 3 метр<br>қашықтықтағы сызыққа қарай допты шапшаң домалатады.<br>Допты домалата салысымен, қасындағы екінші жұбы допты сызыққа жеткізбей артынан қуып жетуге тырысады. Әріп-тестер орын алмасады.<br>Олардың жұппен қалай бірге жұмыс істейтініне, әлеуметтік дағдыларына назар аударыңыз.<br>Бағытты өзгерте отырып баяу қарқынмен жүгіру (3–5 мин).<br>Тынысты қалпына | келе жатқандағы көлеңкесінің бұлтқа ұқсағанын айтады.<br>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау жасайды.<br>Аю сөзінен қандай дыбыс естіп тұрғандарын айтады. Дыбыстық талдау жасайды.<br>Ю дыбысын қайталап айтады. балаларға аласа-биік, қысқа-ұзын, жақсы-жаман сөздерінің мағыналарын түсіндіреді. Сөздердің қарама-қарсыгымдарын табады: сүт сұйық–айран қою. балалардан сүт туралы сұрайды.<br>Сүт ақ түсті, дәмді, сұйық. Сүтті ашытып әжелеріміз айран жасайды. Айран қою болады. Балалар айран туралы айтады.<br>сұйық– қою<br>Апам құртты қайда жайды?<br>Балалар суреттен не көргендерін айтады.<br>– Айранды қайнатып құрт жасайды. Құрт-қазақ халқының ұлттық тағамы.<br>Құртты әртүрлі пішінде жасап, сөреге жаяды. Құрт денсаулыққа өте пайдалы. Адамның | Неліктен?<br>– Балаға ата-анасы қандай тапсырма береді?<br>– Бала қонаққа кімдерді шақырды, неліктен?<br>– Балаға тоғайда кім кездеседі?<br>– Қоян балаға неге көмектесті?<br>Сергіту сәті:<br>Ұзын құлақ, сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды,<br>Ойлы-қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің.Суретте не бейнеленген?<br>Әр сурет бойынша жұбымен бірге ертегінің эпизодымен салыстырып, сурет бойынша оқиға жүйесін сақтап баяндау.<br>2. Мақалды мазмұнына қарай түсіндіре отырып жаттату.<br>Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br>– Ертегілер бізді батыл, адал, еңбекқор болуға жетелейді. | қанаттары түрлі түсті қағаздан жасалады.<br>Орындалу реті:<br>– қағаз түстерін қалауы бойынша таңдап алып, балықтың құйрығын жасау үшін, жіңішке жолақшалар қиып дайындайды (4-5);<br>– қанаттарын қию ұсынылады;<br>– жолақшалардың ұштарын біріктіріп, жапсы-рып алады;<br>– содан кейін барып балықтың денесі ретінде жұмыртқаны алып, сопақшаның бір шетіне құйрығын, екінші шетіне көзін, басын, аузын<br>сызып салады (фломастер пайдалануға бола-ды);<br>Әліппе-дәптер.<br>Киндер-сюрпризідің қабығы, фло-мастер.<br>77<br>– қанаттарын желімдеу ұсынылады;<br>– жұмыртқаны қатты баспай, ақырын ұқыпты ұстау ескертіледі;<br>– әр балаға жеке нұсқау беріп, көмек көрсетіледі;<br>– дайын болған балықтарды көгілдір түсті<br>қағаздың үстіне орналастырып, жақсы орындалған жұмыстар |